

ДЛЯ ПОДДЕРЖАНИЯ ВЫСОКОГО УРОВНЯ ГОТОВНОСТИ, А ТАКЖЕ ОТРАБОТКИ ОСНОВНЫХ НАВЫКОВ И АЛГОРИТМОВ ДЕЙСТВИЙ В ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ ВСЕ ПОЖАРНЫЕ ПОЕЗДА И ИХ ЛИЧНЫЙ СОСТАВ РЕГУЛЯРНО УЧАСТВУЮТ В УЧЕНИЯХ И СПЕЦИАЛЬНЫХ ТРЕНИРОВКАХ.

Бакытжан ДИЛИМБЕТОВ,
руководитель группы негосударственной
противопожарной службы АО «НК «ҚТЖ»



№71 (2786)
13/09/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ БАҚЫТЫ

Қазақстан-
да қыркүйек
айының екінші
жексенбісінде
«Отбасы күні»
аталып өтеді.
Осы мерекеге орай
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
құрамында еңбек
ететін тоғыз бала-
лы ерлі-зайыпты
теміржолшылар
Талғат пен Жібек
Ермағамбетовтер
отбасына құрмет
көрсетілді.



Сүлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Теміржолшылардың орталық ғимаратында орналасқан музейді аралап, журналистерге сұхбат берген Талғат пен Жібек үш ұл, алты қыз тәрбиелеп отыр. Жарық дүниеге тоғыз бала әкелген Жібектің өзі қырықтан асса да, жас келіншекті құлпырып тұр, тал бойында бір мін жоқ, ақ жүзі әжімнен ада. Керісінше, әр бала көркем келбетіне одан сайын ажар сыйлап, жасарта түскен тәрзіді.

Отбасының тұңғышы 21 жастағы Еркеназдың бұл күнде өз отауы бөлек, екі сәбиі бар. 2018 жылы «Астана аруы» атанған, мамандығы дизай-
нер. Одан кейін үйелмелі-сүйелмелі үш ұл қатар өсіп келеді. Нұрсұлтан Түркияның Измир қаласындағы жоғары оқу орнына өз күшімен оқуға түсіп, инженер-технолог мамандығы



бойынша білім алуда. Әділет Тұран колледжінде архитектор мамандығына оқып жатыр. Үшінші ұл Арсен 9-сынып оқушысы, футбол ойнайды. Одан кейін Нұрсая, Айзере, Майра, Бексана атты болашақ арулар өсіп келеді. Ал отбасының сүт кенжесі, еркетотай Ақкерім төрт жаста.

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен қазақ әйелінің протатипі сынды кейіпкеріміз бала туып, оны бағумен отырып қалмай, алған жоғары біліммен теміржолда тер төгіп жүр. Ұлттық компанияда жұмыс істеп жатқанына биыл 15 жыл. Қазір «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де бухгалтер. Демалыс күндерін бала-шағаға арнап, үй тірлігімен айналысатын Жібектің өмірге еш өкпесі жоқ. Балаларының тәтті қылығы, шат күлкісі шаршағанын, өмірдің қымбатшылығы мен қиындықтарын ұмыттырып жіберетінін айтады.

Оның үстіне, өмірдің қызығы мен шыжығын бірге көріп, бірге бөлісуге серт берген адал жары – азаматының қолдауы да Жібектің жүзіне кірбің түсірген емес.

Ал осындай үлкен де жарасымды жанұяның отағасы Талғат Ермағанбетов «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Магистральдық желі дирекциясы филиалында заңгер болып жұмыс істейді. Теміржол саласында қызмет еткеніне 12 жыл.

– «Адамның бір қызығы бала деген» деп Абай атамыз бекер айтпаған шығар. Әр бала өмірге өз несібісімен келеді. Сондықтан көп балалы болудың қиындығынан қызығы мол. Қазір қымбатшылық заман екені рас. Бірақ, Үкімет тарапынан да көп балалы отбасыларына түрлі жеңілдіктер, азды-көп материалдық қолдаулар көрсетіліп жатыр ғой. Жақында Президент халыққа жолдауында балаларға арналған инвестици-

ялық қор құрылып, ұлттық қордан әр балаға көмелет жасқа толғанша ақша аударылып тұратынын айтты. Мұның бәрі Қазақстан халқы санының өсуіне, отбасы құндылығы артатынына сенім ұялатады. «ҚТЖ» компаниясында да Ұжымдық шарт шеңберінде көпбалалы отбасыларға қолдау-көмек бар. Теміржолда жұмыс істегеніміздің арқасында елордадағы «Saranda» тұрғын үй кешенінен төрт бөлмелі пәтер алдық. Әрине, 25 жыл төлемақысын жүргіземіз. Бірақ өз баспанамыздың болғаны – көңілімізге медеу, – дейді көп балалы әке.

Ынтымақ пен ауызбіршілік үстемдік еткен жанұяда жарасымды жұптың тәрбиесін алып өсіп келе жатқан балапандардың келешегі кемел боларына сеніммен қарайсың.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ТРАНСКАСПИЙ БАҒДАРЫНДА ЖҮК КӨБЕЙДІ



Транскаспий бағдары бойынша жүк тасымалы 2,5 есе артты. Өткен 8 айда бағдар арқылы 1,3 млн тонна жүк тасымалданған. Бұл туралы теңіз порттары және ТХҚБ арқылы жүк тасымалы бойынша өткен отырыста айтылды.

Бүгінгі таңда аталған бағдардың көліктің инфрақұрылымы арқылы 6 млн тоннаға жуық, соның ішінде 80 мың ЖФЭ көлемінде жүк тасымалдауға мүмкіндік бар. Оған қоса Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы да жүк тасымалының көлемі артып отыр. Аталған мерзім аралығында Қазақстанның теңіз порттары арқылы Әзербайжан бағытына 1,9 млн тонна жүк тасымалданыпты, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 2,1 есе көп.

Транскаспий халықаралық көлік бағдары немесе Middle Corridor Қазақстан, Әзербайжан, Грузия аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға дейін созылып жатыр, бұл бағдар тауар тасымалдауда тиімді сауда дәлізі ретінде қарастырылады.

«Ресей мен Белоруссияға қатысты салынған санкциялар көпке дейін созылады. Бұл Солтүстік сауда бағдары әзір ашылмай-тынын білдіреді. Соның есебімен Транскаспий бағдарының әлеуеті артады. Оның үстіне сауда дәлізіне Жібек жолын жаңғырту бойынша «Бір белдеу. Бір жол» жаһандық бастамасын жүзеге асыратын тек Қытай тарапынан ғана емес, сонымен қатар Еуропа елдерінен де қызығушылық басым екенін көріп отырмыз», – дейді KPMG Caspian жеткізу тізбегі басқармасының практикалық аға консультанты Тимур Қожахметов.

Нұрай СӨРЕНФАЛИ



Саламат ТӨЛЕГЕНОВ,
«Қазтеміртранс» –
АҚ Атырау филиалының бастығы:

ВАГОНДАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ. ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ЖӨНДЕУ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР БІЗДІҢ ФИЛИАЛДЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С ЯНВАРЯ ПО АВГУСТ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПЕРЕВОЗКА НЕФТЕПРОДУКТОВ Ж/Д ТРАНСПОРТОМ СОСТАВИЛА

12 млн тонн

ЗА ВОСЕМЬ МЕСЯЦЕВ 2022 ГОДА В КОСТАНАЙСКОМ РЕГИОНЕ ПОГРУЖЕНО СВЫШЕ

140 тыс. тонн

ГРУЗОВ

ДО КОНЦА 2022 ГОДА НА ЛИНИИ ОСКЕМЕН-1 – АЛТАЙ УСИЛЕННЫМ СРЕДНИМ И СРЕДНИМ РЕМОНТОМ БУДЕТ ОХВАЧЕНО СВЫШЕ

19 км

ПУТИ

Охрана труда

ПО ЦЕПОЧКЕ УЛУЧШЕНИЙ – ОТ ЗВЕНА К ЗВЕНУ

Вопросы повышения эффективности работы в области производственной безопасности в АО «НК «ҚТЖ», продвижения Концепции нулевого травматизма Vision Zero и создания БЛАГОприятных условий труда обсудили в ходе двухдневного семинара в Боровом.



Руслан РАХМЕТОВ,
Нұр-Сұлтан

Участие в мероприятии приняли ответственные работники за безопасность и охрану труда Костанайского, Карагандинского, Павлодарского и Акмолинского отделений ГП. Всего более 50 участников, среди которых главные инженеры, работники службы безопасности и экологии, представители профсоюзных комитетов филиалов и транспортной прокуратуры, СЭС на транспорте и государственной инспекции по труду, а также центра профессионального развития «Аймед».



Открывая мероприятие, главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев отметил, что требования охраны труда и производственной безопасности должны соблюдаться на всех уровнях, независимо от должности. – Благодаря совместным усилиям мы сможем

сформировать позитивную культуру охраны труда, вовлекая работников в данный процесс, – отметил Батыр Котырев.

Директор инспекции по безопасности труда и экологии АО «НК «ҚТЖ» Сунгат Назыров озвучил результаты внутреннего контроля по

безопасности и охране труда в региональных предприятиях. Акцентировал внимание на часто повторяющихся замечаниях и рекомендовал усиленно работать над качеством подготовки к проверкам.

Фото Александра Жабчука
Окончание на 3-й стр.

ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2022-2023 жылдарға арналған коммуналдық-тұрмыстық сектор мен тұрғындар үшін қатты отынға қажеттілік жоспарын қалыптастырды.



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Жоспарға сәйкес көмірді тұтыну көлемі шамамен 9,6 млн тоннаны құрайды. Оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық секторға – 2,6 млн тонна, тұрғындарға – 7 млн тонна. 9 қыркүйектегі жағдай бойынша көмір қорымен қамтамасыз ету 71%-ды құрап отыр. Жалпы, бүгінде разрездерде көмір қоры жеткілікті

мөлшерде және өндіру жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатыр. Қыс – қыр астында, сондықтан жылу маусымына дайындық жұмыстары да ширатылған. Күнделікті жергілікті атқарушы органдардың, көмір өндіруші компаниялар мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ өкілдерінің қатысуымен жиындар өткізіліп, халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірмен қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізіледі.

Халықты қажетті деңгейде көмірмен қамтамасыз ету мақсатында министрлікпен «Қазтеміртранс» АҚ-ның вагондар паркін ұлғайту және көрші мемлекеттерге әлеуметтік көмірді автокөлікпен әкетуді шектеу бойынша қосымша шаралар қарастырылған. Көмір өндіруші компаниялардың жедел деректері бойынша 2022 жылғы қаңтар-шілде айларында 66,4 млн тонна көмір (көмір концентратын қоспағанда) өндірілді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 106%-ды құрайды, 2021 жылдың 7 айында 62,8 млн тонна болған. Ірі көмір компаниялары бөлінісінде «Шұбаркөл көмір», «Восточный», «Майкөбе-Вест» және «Қаражыра» разрездерінде өндіріс өсімі байқалады.

ПО ПРЯМОЙ – БЫСТРЕЕ



Автомобильные комплекты из Китая доставляются по железнодорожному маршруту Казахстан – Туркменистан – Иран.



Из северо-восточной станции Джинган (г. Дяньин, КНР) отправлен поезд из 50 сорокафутовых контейнеров с автомобильными комплектами по маршруту Казахстан – Туркменистан – Иран.

Поезд проследует по территории Казахстана через пограничные переходы Алтынколь и Болашақ, далее через станцию Инчебурун на ирано-туркменской границе до пункта назначения – станции Джольфа (Иран).

Перевозка грузов по железнодорожному маршруту Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран значительно быстрее, чем по морскому пути. Срок доставки контейнеров сократился вдвое. Кроме того, более бережную доставку гарантирует отсутствие перевалки грузов в пути следования.

Полный комплекс услуг по территории Казахстана, Туркменистана и Ирана предоставил мультимодальный оператор АО «КТЗ Express».

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

ХАТТАМАҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

 **Абай ЕРТІС,**
Семей



ЖОБА

Аягөз-Бақты теміржолын салу жобасы тағы бір маңызды кезеңге көтерілді. Жоба Қытайдың Үрімжі қаласында онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған «Қытай-Еуразия» VII ЭКСПО көрмесінде қозғалды.

Жалпы, Қытай тарапы осыған дейін де Аягөз-Тачэн теміржолын салу бойынша мүдделілік танытып келген болатын. Бұл ретте ҚХР-мен шектесетін жаңадан құрылған Абай облысы да өңіраралық қатынастарды нығайтуға мән беруде. Осы орайда көрме барысында екі аймақтың басшылығы өзара тиімді ынтымақтастық жүргізу бойынша арнайы хаттамаға қол қойды. Оның ішінде негізгі үш басымдыққа мән берілген. Соның екіншісі – екі аймақтың арасындағы ыңғайлы географиялық орналасуға байланысты транзиттік әлеуетті дамыту мәселесі болып отыр. Яғни, көлік-логистикалық ынтымақтастық саласында алдағы уақыттарда қолға алынуы тиіс Аягөз-Бақты-Тачэн бағыты бойынша темір жол құрылысы жобасын бірлесіп жүзеге асыру күн тәртібіне қойылды. Соның қатарында «Бақты» шекара бекетінде әкімшілік рәсімдерді оңайлату үшін тексеруден өтудің жеделдетілген режимі және шекарадан өту алгоритмдері де қарастырылды.

Аталған теміржол телімін салуға қытай тарапы толықтай әзір отыр. Осыған дейін қытайлық компаниялар Аягөз бен Бақты аралығында құрылыс жүргізуге де ниетті екендіктерін білдірген-ді.

Осылайша ҚХР-дың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы мен Қазақстанның Абай облысы арасында берік байланыстар орнату, көлік-транзиттік және сауда-экономикалық қатынастарды нығайту жұмыстары жаңа белеске көтерілді деуге негіз бар.

ТЕМІРЖОЛҒА «САЯХАТ»

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



ТАНЫМ

Қыркүйек келді дегенше, абыр-сабыр басталды дей беріңіз. Көшеде, қоғамдық көлікте, аялдамада толып жүрген мектеп оқушысы. Демек, оларды қауіп-қатерден сақтау міндеті де арта түсті деген сөз.



Жақында Маңғыстау станциясындағы желілік полиция мен әскерилендірілген теміржол күзеті қызметкерлері мектеп оқушыларын теміржол бойына экскурсия жасауға шақырды. «Назар аударыңыз – пойыз!» айлығы аясында бастауыш сынып оқушылары ұстаздарының жетекшілігімен теміржолға «саяхат» жасады. Әскерилендірілген теміржол күзетінің шұғыл әрекет ету тобы күзетшілері және желілік полиция өкілдері №1 мектептің 2-сынып оқушыларына теміржолдың қауіп-қатерін түсіндіріп, жүріс-тұрыс ережелерімен таныстырды. Мектепте басталған кездесу теміржолдың белгілерін таныстырып, перронда жаяу жүргіншілер жүретін жерлерді аралаумен аяқталды. – Жаңа оқу жылы басталысымен бірталай іс-шараларды қолға алудамыз. Өйткені баланың қауіпсіздігі бәрінен қымбат. Ойынның қызығымен теміржол аумағына шығып кетуі немесе пойыздың алдынан жүгіріп шығуы, астынан өтуі, пойызға тас атуы әбден мүмкін. Сондықтан полиция қызметкерлерімен бірлесіп, теміржол бойымен жүрудің тәртіп-ережелерін баланың санасына барынша түсінікті етіп жеткізуге тырыстық, – дейді Маңғыстау станциясындағы Әскерилендірілген теміржол күзеті Шұғыл әрекет ету тобы бастығының орынбасары Мәди Үндемесов.

Суретті түсірген автор

Жақында Маңғыстау станциясындағы желілік полиция мен әскерилендірілген теміржол күзеті қызметкерлері мектеп оқушыларын теміржол бойына экскурсия жасауға шақырды. «Назар аударыңыз – пойыз!» айлығы аясында бастауыш сынып оқушылары ұстаздарының жетекшілігімен теміржолға «саяхат» жасады. Әскерилендірілген теміржол күзетінің шұғыл әрекет ету тобы күзетшілері және желілік полиция өкілдері №1 мектептің 2-сынып оқушыларына теміржолдың қауіп-қатерін түсіндіріп, жүріс-тұрыс ережелерімен таныстырды. Мектепте басталған кездесу теміржолдың белгілерін таныстырып, перронда жаяу жүргіншілер жүретін жерлерді аралаумен аяқталды. – Жаңа оқу жылы басталысымен бірталай іс-шараларды қолға алудамыз. Өйткені баланың қауіпсіздігі бәрінен қымбат. Ойынның қызығымен теміржол аумағына шығып кетуі немесе пойыздың алдынан жүгіріп шығуы, астынан өтуі, пойызға тас атуы әбден мүмкін. Сондықтан полиция қызметкерлерімен бірлесіп, теміржол бойымен жүрудің тәртіп-ережелерін баланың санасына барынша түсінікті етіп жеткізуге тырыстық, – дейді Маңғыстау станциясындағы Әскерилендірілген теміржол күзеті Шұғыл әрекет ету тобы бастығының орынбасары Мәди Үндемесов.

Суретті түсірген автор

КӨМІРГЕ СҰРАНЫС АЗАЙҒАН

 **Ерман ӘБДИЕВ,**
Тараз



ТАСЫМАЛ

Аймақта алдағы қысқы маусымға дайындық қызу. Жамбыл өңірінде биылғы қыста көмірге деген қажеттілік 221,1 мың тоннаны құрайды.

Бүгінде оның 154,5 мың тоннасы жеткізілді. Жамбыл ЖТ бөлімшесі директорының логистика бойынша орынбасары Әбіл Түсіповтің айтуынша, 221,1 мың тоннаның 60,8 мың тоннасы бюджеттік мекемелерге, ал 160,3 мың тонна халыққа жеткізіледі.

– Бүгінгі күні жеткізілген 154,5 мың тоннаның 59,6 мың тоннасы – бюджеттік мекемелерге, 94,9 мың тонна халықтың қажеттілігіне орай. Сұраныс негізінен Шұбаркөл және Қаражыра көміріне басым. Қазір 28 кәсіпкерлік нысанмен келісімшартпен жұмыс жасап жатырмыз, – дейді Әбіл Алдиярәлиұлы.

Күні кеше Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ерболат Ибрайхановтың төрағалығымен өткен облыстық штаб отырысында өңірде көмірге деген сұраныстың 15 пайызға төмендегені сөз болды. Бұл жекелеген елді мекендердің сұйық отынға, яғни газбен жылытуға көшуіне байланысты екен.

ТӘУЛІГІНЕ ТӨРТ ПОЙЫЗ ЖӨНЕЛТІЛУДЕ



 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Абай облысы

Міне, осылайша өңірдегі барлық кәсіпорындармен шарт жасалып, жыл бойы көмір жөнелту көлемі анықталды. Кестеге сәйкес, шілде айында екі облыстың кәсіпорындары мен энергиямен жабдықтаушы компаниялары үшін 256 мың тонна, тамызда – 306,78 мың, қыркүйекте 358,143 мың тонна жөнелту жоспарланып, толықтай жүзеге асырылуда. Ал алдағы жоспар бойынша: 436,535 мың тонна – қазанда, 458,528 мың тонна – қарашада және 486,046 мың тонна көмір желтоқсан айында тасымалданатын болады.

Жыл соңына дейін тек бір облыс бойынша ғана тұрғын үй секторын, өңірдегі кәсіпорындар мен ұйымдарды жылыту үшін 2,532 млн тонна көмір жөнелтілуі тиіс. Алайда, жоспарға өзгерістер де енгізілуі мүмкін. Мәселен, өткен жылы жүк тиеуге қатысты шиеленіскен жағдай орын алған. Тамыздан қарашаға дейінгі аралықта көмір жеткізуге өтінім саны күрт өскен.

Биыл Семей ЖТ бөлімшесі «Қаражыра» АҚ-мен бірлесіп көмір өндірудің жылдық көлемін 9,7 млн тоннаға дейін ұлғайту міндетін алға қойып отыр. Көрсеткіш көлемі 2018 жылдан бастап ұдайы өсу үстінде.

Қазіргі күні Дегелең станциясынан тәулігіне 248 вагон болатын 3-4 пойыз жасақталуда. Ал көмір тасымалы шегіне жеткен қазан қараша айларында теміржолшылар тәулі-

Бүгінде Семей жүк тасымалы бөлімшесі үшін негізгі міндеттердің бірі көмір тасымалын кедергісіз жүргізу, Абай облысы бойынша қатты отын тапшылығына жол бермеу болып отыр. Бұл орайда өткен маусым айында мүдделі кәсіпорындарға көмір жеткізудің ай сайынғы жоспары жасалып, жүйелі жұмыстар қолға алынған.



ҚАЗІРДЕ ДЕГЕЛЕҢ СТАНЦИЯСЫНАН ТӘУЛІГІНЕ 248 ВАГОН БОЛАТЫН 3-4 ПОЙЫЗ ЖАСАҚТАЛУДА. АЛ КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ШЕГІНЕ ЖЕТКЕН ҚАЗАН-ҚАРАША АЙЛАРЫНДА ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТӘУЛІГІНЕ 450-490 ВАГОННАН ТҰРАТЫН 6 НЕМЕСЕ 7 ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖОЛҒА ШЫҒАРА АЛАДЫ.

гіне 450-490 вагоннан тұратын 6 немесе 7 жылжымалы құрам жолға шығара алады. Дәл қазіргі таңда вагон тапшылығы сезіліп отырған жоқ.

Бөлімшенің логистика және жүк тасымалы бөлімі қызметкерлерінің мәліметінше, Абай облысының көмірге деген сұранысы халық үшін 562,2 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда 375,0 мың тонна көмір жеткізілген.

Облыстық әкімдікпен күн сайын аймақтағы көмір жеткізілімдеріне мониторинг жүргізіледі, деректер «Қаражыра» АҚ және халық үшін көмір өткізетін ұйымдармен салыстырылады.

Мұның барлығы көмір тұйықтарында дүрбелең тудырмас үшін жасалуда. Әйтсе де, күннің суытуына байланысты соңғы күндері көмірге кезек көбейген. Қазіргі уақытта барлық тұйықтарда көмір бар.

Абай облысы бойынша көмірді бөлшек сауда өткізетін 20 орын бар екен, оның ішінде төртеуі Семей қаласында. Осы тұйықтардағы орташа сату бағасы Семей қаласында тоннасына 10 200-10 500 теңгені құрайды және облыс аудандарының қашықтығына байланысты тоннасына 9 700-ден 23 000 теңгеге дейін түрленуде.

Сонымен қатар, аймақта көмір тапшылығының алдын алу мақсатында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен «Kaspi bank» АҚ көмірді Kaspi.kz онлайн-дүкен арқылы сатып алу мүмкіндігі туралы келісімге келіп отыр. Қазіргі күндері аймақ бойынша барлық көмір жеткізушілерді Kaspi.kz онлайн-дүкенде тіркеу бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Жалпы, көмір жеткізу бойынша «Қаражыра» АҚ мен облыстық әкімдік «барлық жағдайды жасап отырмыз, ендігі кезек ұлттық компанияда ғана» деген уәж айтуда. Ал, теміржолшылар үшін жоспардан ауытқымау міндеті тұр.

Суретті түсірген автор

ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ ТИІМДІЛІГІ



 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Себебі, қауіп-қатері басым өндірісті жұмыс орнында қауіпсіздікті сақтау, сақтық шаралары күнделікті қимыл-қозғалыста ескерусіз қалып жататыны жасырын емес. Ал арнайы өтетін техсабақтарда ол тақырып теориялық тұрғыда жан-жақты талданып, сауатты әрекет ету, ширақ қимылдау ережелері егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Бұл адам санасының қабылдауына жағымды әсер ететіні және сақталып қалатыны айтылады.

Техсабақ Ақтөбе станциясы басшысының техникалық жұмыстар бойынша орынбасары Арман Құрманиязовтың жүргізуімен өтті. Дәріс барысында техникалық процесс кезіндегі өзгерістер талқыланып, басты



ұстаным қызметкерлердің жеке бас қауіпсіздігі екендігі айтылды.

«Мұндай сабақтар айына төрт рет болады. Қозғалыс қауіпсіздігі бойынша тақырыптары бекітілген арнайы жоспар бар. Әр айдың басында және соңында екі реттен 80 минут өтеді. Биылдыққа қауіпсіздіктің бұзылу оқиғасы болған жоқ. Бұл бүгінгідей дәрістердің нәтижесі деп білемін», – дейді

Арман Құрманиязов.

Техникалық сабақ әр тоқсанда жоспар бойынша өтеді. Оған станция кезекшілерінен бастап пойыз құрастырушыға дейін қауіпсіздікке жауапты қызметкерлер түгел қатысады.

– Станцияда техникалық сабақтар сейсенбі, беісенбі күндері айына 4 рет өтеді. Сабаққа барлық қызметкерлердің

қатысуы қамтылады. Тек түнгі кезектен шыққандар демалуға жіберіледі. Сондықтан бір тақырып екі күн талқыланады. Бұл – түнгі кезекте болып, сабаққа қатыса алмаған теміржолшылар үшін жасалған жағдай. Ал практикалық сабақтарда сыртта бағыттамалармен жұмыс өтеді. Қандай бөліктерден тұрады, қалай өлшейді, қозғалыс кезіндегі ақауды табу, жіті бақылау, бұрамаларды бұрауға дейін көрсетіледі. Практикалық сабақ жоспарына сай алдағы күндері, мысалы, биыл қысқа жаңадан кіретін жас мамандарға арнайы сабақ өтеді. Жолда қар тазалаудың да өзінің тәртібі болады. Қалай тазалау керек, орны қалай қоршалады. Кімге ескерту керектігі, тағысын тағы жан-жақты түсіндіріледі, – дейді Ақтөбе станциясының инженер-технологы Айнур Ақжанова.

Суретті түсірген автор

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – ӨМІРІНДІ САҚТАЙДЫ



Жамбыл темір жолы Қарағанды бөлімшесінің Мойынты, Алматы бөлімшесінің Отар, Шымкент бөлімшесінен Түлкібас станциясымен және Қырғыз темір жолының Мерке станциясымен шектеседі. Бұл бөлімше бойынша тасымалдау процесі екі түрлі тартымдық қызметпен іске асырылады.

 **Ислам ТАЛҒАТ,**
Жамбыл облысы

Айталық, Мойынты – Шу – Отар – Тараз – Түлкібас телімдерінде электровоз тартымы қызмет көрсетіп, тасымалдың 93%-ын қамтыса, Тараз – Жаңатас телімі әлі электрленбегендіктен тепловоз тартымы арқылы жүзеге асып отыр. Ол тасымалдың қалған 7%-ын құрайды.

Өрине, тасымал процесі қандай тартым түрімен жүргізілсе де, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мәселе болып қала бермек. Бұл ретте, Жамбыл бөлімшесіндегі қозғалыс қауіпсіздігі мәселесін бақылауға алған Жамбыл телімі бойынша ревизорлық аппараттың жұмысы аз емес. Сегіз маманның әрқайсысы – өз ісін жақсы меңгерген кәсіби теміржолшылар. Ревизорлық аппарат Жамбыл

телімі бойынша жыл басынан бері 396 тексеру жүргізіп, 4 мыңнан астам сәйкессіздікті анықтаған. Нәтижесінде 200 тыйым салу шарасын қабылдаған.

– Ең бірінші кезекте темір жол мүлкін сақтау: жылжымалы құрамды, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен құрылғыларды күтіп ұстау бірінші орында болуы керек. Қызметкерлер санының нормативтері мен кәсіби талаптарына сәйкес персоналды жасақтау мен орналастыруды, пойыздар қозғалысымен байланысты лауазымдарға үміткерлерді кәсіби іріктеуді, еңбек және технологиялық тәртіпті нығайтуды, әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтитын кадр мәселесі өз алдына жеке блок болып табылады. Өңірде алдын алу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Теміржол кәсіпорындарының

қызметкерлері жол бойында мал жаю ережелерін түсіндіру мақсатында оқу орындарына, автокөлік кәсіпорындарына тұрақты түрде барып, халықпен кездесіп, әңгімелеседі, теледидар мен радиодан хабар таратып, басылымдарда мақалалар да жариялап жүр. Соған қарамастан, кейбір адамдар теміржолда жүру, теміржолға жақын жерде мал жаюға қатысты қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуды тоқтатпай емес, – дейді Айрабыл Өтеубаев.

Айтуынша, адамдардың қарапайым ережелерді сақтамауы нәтижесінде теміржолға материалдық және қаржылық зиян келсе, адам басып кеткен локомотив бригадасы үшін психологиялық күйзеліс оңай болмайды. Бір жағдайдан кейін олардың қалыпқа келуі үшін ұзақ уақыт қажет көрінеді.

– Теміржолдағы жазатайым

оқиғаларды тергеу нәтижелері, көп жағдайда зардап шегушілердің ішімдік ішкенін анықтап беруде. Сонымен қатар жастардың трендіне айналған селфи деген де сор болды. Жасөспірімдердің теміржол объектілерінде немесе жылжымалы құрам үстінде селфи жасамақ болған әрекеттері ажал күшуға, қала берді мүгедек болып қалуға әкелуде. Сондай-ақ, қауіпті аймақта жастардың құлаққап киіп алып, музыка тындап жүруі де қайғылы оқиғалар қатарын көбейтуде. Қазір сабақ басталды. Жаңа оқу жылының басталуымен қырағылықты арттырып, адам денсаулығы мен өмірі үшін ықтимал қауіп-қатерді төмендету мақсатында белгіленген ережелерді сақтауға шақырамыз, тек қырағылық пен сақтық сенің өміріңді сақтайды, – деп сөзін түйіндеді Жамбыл өңірінің бас ревизоры.

ПО ЦЕПОЧКЕ УЛУЧШЕНИЙ – ОТ ЗВЕНА К ЗВЕНУ

Окончание. Начало на 1-й стр.
Согласился с ним заместитель генерального директора – главный инженер ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марлен Кокрекбаев, который в своем выступлении рассказал о принципах безопасности на рабочем месте.

По его словам, для сохранения жизни и здоровья работников на производстве руководством компании дано право для остановки небезопасного труда в рамках интегрированной системы «Производственная безопасность» (ИС ПБ). Одной из неотъемлемых частей и программы нулевого травматизма и ПДБ является поощрение безопасного поведения. Так, по ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» за 2021 год премировано 163 работника от двух до 130 МРП.

– На сегодня семь линейных предприятий имеют сертификаты доверия в области безопасности и охраны труда 1-го, 2-го и 3-го классов. Кроме того, внесены необходимые дополнения в регламентирующие локальные акты общества, проведены практические занятия с составительскими и локомотивными бригадами, а также ссмотрщиками вагонов по безопасным условиям труда, – подчеркнул Марлен Кокрекбаев.

В свою очередь главный инже-

нер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин отметил, что в состав отделения входят 67 отдельных пунктов, три эксплуатационных локомотивных и два оборотных депо, а также два эксплуатационных вагонных депо. Общая численность работников Акмолинского отделения ГП составляет четыре тысячи 526 человек. Поэтому мы активно продвигаем корпоративное обучение, в том

инспекторов профсоюз ежегодно проводит конкурсы на звание «Лучший инспектор», присваивается звание «Лауреат премии Профсоюза». По инициативе профсоюза в Коллективный договор добавлен пункт касательно предоставления техническим инспекторам дополнительно трех дней к оплачиваемому ежегодному трудовому отпуску, – подчеркнул Ермек Тулегенов.

К слову, около 300 технических инспекторов по охране труда из-

отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте упростить процесс передвижения работников по объектам железнодорожного транспорта. К примеру, локомотивные бригады перед началом работы проходят обязательный медицинский осмотр, но уже на ближайшей станции из-за требования СЭС им приходится снова проводить замер температуры, вносить подтверждающую запись в специальный журнал. В качестве решения данной проблемы железнодорожники предлагают использовать мобильное приложение Ashuq, которое создаст условия для уменьшения карантинных ограничений и упрощения передвижения работников компании. Также прозвучало предложение разрешить железнодорожникам использовать одобренные фильтры для очистки воды от Горводоканала. В свою очередь представители СЭС пообещали рассмотреть все поступившие предложения от железнодорожников.

Двухдневный семинар завершился мастер-классом, который провел главный инженер АО «НК «КТЖ». На нем были рассмотрены причины травматических случаев, произошедших в 2022 году. Насыщенно и продуктивно прошла и деловая игра по вопросам охраны труда.

дили тормозными колодками, а вот резервы запасных частей пополнят до 15 октября.

– Скоро у нас начнется техническое обслуживание установок УЗОТ на станциях Оскемен-1, Кумыстау и Бухтарма, – добавила Эльмира Капарова. – Наши работники полностью обеспечены спецодеждой и спецобувью. Первозимники прикреплены за опытными сотрудниками, в ближайшее время мастер производственного обучения примет у них экзамен, чтобы проверить степень готовности к зиме.

В целом в депо сейчас готовятся к проведению осеннего комиссионного осмотра, который пройдет с 12 по 30 сентября в Семейском отделении ГП.

– Исходя из вышеизложенного, нами были представлены материалы на 19 работников ВЧД Балхаш. Среди них за предотвращение тяжелых последствий на железнодорожном транспорте, за высокий профессионализм и проявленную бдительность были поощрены осматривающие-ремонтники вагонов ПТО Балхаш – Галым Молдакасимов, Кобжан Суйсинбаев, Берик Жумабаев, Самат Турабеков, Кайрат Калкенов, ПТО Акадыр – Ержан Каймолдин, Ардак Саттыбаев, ПТО Саяк – Есхат Арыстанбаев, с выплатой денежной премии. Кроме того, нагрудные знаки «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» получили осматривающие-ремонтники вагонов ПТО Акадыр – Санат Рахмедиев, Курмангазы Капасов, ПТО Балхаш – Беимбет Терлиқбаев, Ельшат Шегиров. Благодаря их бдительности предотвращена угроза нарушения безопасности движения поездов, – резюмировал Аманжол Омаров.

браны на линейных предприятиях ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки». Это представители коллектива, задача которых – своевременно выявлять нарушения техники безопасности и добиваться их устранения. С начала года техническими инспекторами проведено свыше 1,6 тысячи проверок соблюдения законодательства об охране труда.

В ходе форума участники смогли обсудить интересные вопросы и внести свои предложения для улучшения условий качества работы. В частности, железнодорожники предложили представителям Кокшетауского

С НАЧАЛА ГОДА ТЕХНИЧЕСКИМИ ИНСПЕКТОРАМИ ПРОВЕДЕНО СВЫШЕ 1,6 ТЫСЯЧИ ПРОВЕРОК СОБЛЮДЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ОБ ОХРАНЕ ТРУДА.

числе работе в ИС ПБ. Ведь для эффективного применения ПДБ и других инструментов требуется достаточно высокий уровень компетенции кадров.

Как рассказал председатель филиала профсоюза ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ермек Тулегенов, вопросы сохранения жизни и здоровья работников являются важнейшим направлением деятельности компании и профсоюза. Улучшаются условия труда и производственного быта работающих, реализуются программы обустройства санитарно-бытовых помещений.

– Для мотивации технических

Инженер производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова рассказала, что для котельной ПТО в Шемонаихе уже доставили 101 тонну угля, недостающие 28,7 тонны привезут в октябре.

– ПТО Кумыстау в 2016 году перешло на электрическое ото-

пление, в 2017-м – ПТО Бухтарма, Алтай, а Риддер – в прошлом году, – отметила Эльмира Капарова. – В целях подготовки к зиме в середине июля выполнили опрессовку отопительной системы ПТО по станции Оскемен-1. Вагонники своими силами проводят ремонты зданий ПТО Шемонаиха, Риддер. ВЧД-24 уже полностью снаб-

ЗИМА СОВСЕМ БЛИЗКО



Котельную ПТО станции Шемонаиха Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) полностью подготовили к работе в зимних условиях.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Здание покрасили, побелили, утеплили окна, двери, очистили трубопровод от сажи, выполнили осмотр и побелку котла. До 15 октября котельную полностью снабдят углем. К зиме готовят и другие объекты предприятия.

НАГРАДА ЗА ПРОФЕССИОНАЛИЗМ



На станции Балхаш Карагандинского региона прошел четырехмесячник «Контроль боковой рамы». Во время мероприятия работниками ВЧД было осмотрено 67 480 вагонов.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Очень важно, чтобы боковая рама всегда была в полном порядке, однако у нее есть слабые места – зоны изгиба от свода буксового выреза к каждой из двух щек, где чаще всего появляются трещины и изломы в процессе эксплуатации.

– Зачастую причинами этого могут быть низкое качество металла, недостатки литья и резко меняющиеся нагрузки во время движения. После образования трещины или излома вагон с де-

фектной тележкой ходовой части может какое-то время продолжать движение. Однако колесная пара остается без надежного крепления, из-за этого может произойти авария либо повреждение транспортного средства, – говорит начальник станции Балхаш Аманжол Омаров. – В связи с этим важно осуществлять постоянный контроль целостности боковых рам тележек ходовой части при движении рельсового транспорта. Всего за четырехмесячный период работниками осмотрено 67 480 вагонов, по неисправностям деталей тележек отцеплено 22

вагона. Неисправности литых дисков подтвердились в 21, забраковано 36 боковых рам, одна надрессорная балка. Таким образом, на ПТО Балхаш отцеплено 10 вагонов, при этом подтвердились неисправности в пяти, один вагон забракован, пять боковых рам забраковано. На ПТО Мойынты отцепили пять вагонов. В ходе служебного расследования в каждом подтвердились неисправности, забраковано семь боковых рам, а на ПТО Саяк отцепили один вагон, в котором были выявлены неисправности и забракована одна надрессорная балка.

РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО

ЗАЛОГ СТАБИЛЬНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА

Двадцать три рационализаторских предложения внедрили в Алматинском регионе в первом полугодии. Неожиданные решения технических задач находят свое отражение в деятельности предприятий Алматинского отделения грузовых перевозок и магистральной сети.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Как отмечает начальник НТИ Алматинского отделения магистральной сети Ержан Сабанчиев, на каждом предприятии, структурном подразделении отделения сформировался творческий коллектив, который успешно претворяет свои идеи, интересные решения в производственный процесс.

Так, 10 новшеств направлены на улучшение условий и охраны труда, безопасности движения, надежности устройств и совершенствование технологических процессов. Так, работники Алматинского эксплуатационного вагонного депо представили универсальный ключ, ушибоинские энергетики потрудились над

выправкой и усилением опоры, а специалисты Алматинского филиала «Вагонсервиса» применили метод изготовления роликов дверей купе вагонов постройки ОАО «Тверского вагоностроительного завода».

К новшествам можно отнести обучающий макет «Стрелочный перевод», который представило Алматинское отделение грузовых перевозок, в свою очередь работники Достыкской дистанции пути применили использование пескоструйного аппарата для очистки скреплений для последующей безопасной укладки их в путь. В Алматинском эксплуатационном вагонном депо внедрили замену клапанов компрессоров 2ВМ4-27/9 и ВП10/8 целевого типа из алюминиевых сплавов



на стальные собственного изготовления.

– Все новые идеи, поиск технических решений, активное участие в рационализаторской деятельности, бесспорно, пробуждают

интерес железнодорожников к научной мысли и изобретательской инициативе, являясь успешным залогом производства, – говорит Ержан Сабанчиев.

Фото автора

Учения

С ЗАДАЧЕЙ СПРАВИЛИСЬ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Железнодорожники, работающие в пожарных поездах Павлодарского отделения магистральной сети, провели очередное тактико-специальное учение.

Согласно тактическому замыслу учений, в помещении пассажирского вагона в результате короткого замыкания произошло возгорание электрической проводки. По сигналу «Тревога!» расчет из числа работников пожарного поезда оперативно прибыл на место условного возгорания и сразу же приступил к боевым действиям. Первоочередная задача – спасение и эвакуация



пострадавших, заблокированных в пассажирском вагоне, дальнейшие действия – тушение условного пожара, где задействованы дежурный караул пожарного поезда, а также работники АО «Вагонсервис» и РФПП «Северный», ТОО «Грузовые перевозки».

– Пожарно-тактические учения проводятся по плану раз в квартал, в ходе которых работниками пожарного поезда отрабатываются основные действия, направленные на тушение огня, а также вопросы работы оперативного штаба, – рассказывает главный инженер Павлодарского отделения магистральной сети Казбек Оспанов. – Сегодня работниками пожарного поезда осуществлено пять выездов на пожары. Основная их часть приходится на горение сухой травы в полосе отвода железной дороги. В конце сентября запланированы заключительные в этом году учения.

В Павлодарском отделении магистральной сети для обеспечения аварийно-спасательных работ имеется два восстановительных поезда, которые дислоцируются на станциях Павлодар и Ерейментау, а также три пожарных поезда на станциях Екибастуз, Павлодар и Ерейментау. В каждом поезде работают по 15 человек.

Фото Архата АЙМУХАМЕТОВА

ВАГОН КАК ФАКТОР РИСКА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Чем ближе к реальности, тем меньше риска. Под таким девизом в Костанайском регионе прошли пожарно-тактические учения по условному тушению огня в пассажирском вагоне.



Тренировки проводились в пассажирском вагоне с привлечением пожарного поезда станции Костанай, подразделений ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС области, а также формирований звеньев гражданской защиты железнодорожной станции.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, по тактическому замыслу, из-за короткого замыкания электропроводки произошло задымление в пассажирском вагоне с последующим возгоранием. Но самое опасное – то, что, возможно, внутри находятся гражданские лица. Данный факт накладывал на действия огнеборцев особую ответственность. Но благодаря точным и своевременным действиям им удалось оперативно эвакуировать пассажиров и оказать первую помощь. Очаг возгорания в пассажирском вагоне был локализован, а затем ликвидирован.

– Цель учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, АО «НК «Қазақстан темір жолы», проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров, – сообщает Султан Смамбаев.

Фото автора

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қасиеті одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық аппаратының ұжымы Бас техникалық инспектор Мұқанов Қайрат Қазестайұлына анасы Қайратбаева Қуаныш Түлкібайқызының қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

КӘСІБИЛІК ҚАШАН ДА ҚҰРМЕТТЕ



Қызылорда жүк тасымалы қосалқы бөлімінің бастығы Батырхан Базарбаев аймақ темір жолына еңбегі сіңген бір топ теміржолшылармен кездесті.



Олардың арасында қырық жылдан астам уақыт Қызылорда бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарған жүк бөлімінің басшысы Ақылбек Жалғасбаев пен жетекші инженер Гүлнәр Балықбаеваға айрықша құрмет көрсетілді. Қос теміржолшы бүгін зейнет жасына жетіп, ендігі жерде ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көруге аттанбақ.

Талай жыл кәсіби міндеттерін мінсіз атқара жүріп тек абырой жинаған қос теміржолшыға әріптестері алғысқа толы ықылас-тілектерін білдіріп, естелік сыйлықтарын тапсырды.

– Президентіміз күні кешегі Жолдауында қоғамда кәсібилік

пен еңбекқорлық ең жоғары орында тұруы керек және қарапайым еңбек адамына құрмет көрсету керек деді. Өз саласының кәсіби маманына да сұраныс жоғары болады. Сіздер, аймақ темір жолы үшін сондай бағалы маман болдыңыздар. Кейінгі буын сіздерден үлгі алса дейміз, – деді мерейтой иелеріне құттықтау адресатын табыстаған Батырхан Базарбаев.

Жиында Қызылорда теміржолының дамуы жолында талай жылдардан бері тынымсыз тер

төгіп келе жатқан Жарқынбек Рсымбетов, Кұлхан Белкібаев, Шәмшагүл Алпысбаева, Кенжебек Саяұлы сынды бір топ теміржолшылар «ҚТЖ-25 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталып, мерейлері үстем болды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

С ПОЛЬЗОЙ ДЛЯ ДЕЛА

Представители партии AMANAT стали спонсорами для детей из многодетных семей железнодорожников станции Караганда – Сортировочная. В период акции «Дорога в школу» партийцы обеспечили ребят канцелярскими принадлежностями и рюкзаками.

Как отметил начальник Центра научно-технической информации и анализа Карагандинского отделения магистральной сети Сапар Жазыбаев, этот год объявлен Президентом Касым-Жомарт Токаевым Годом детей, в связи с этим юному поколению необходимо уделять особое внимание не только



сейчас, а на постоянной основе. – Как известно, благополучие и успех наших детей полностью зависит от нас, взрослых, и мы обязаны быть проводниками их счастливого и беззаботного детства, – подчеркнул Сапар Жазыбаев.

Кроме того, Президент поддержал инициативу первичных организаций с возвратом 20% от партийных взносов в ППО для реализации различных проектов на местах. Это позволяет использовать денежные средства с пользой для дела, в том числе для сбора в школу детей, чьи родители трудятся в сфере железнодорожного транспорта.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

«ЕРЛІК ЕМЕС, АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМ»

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Павлодар магистральдық желі бөлімшесі» филиалының басшылығы жанып жатқан жеңіл көліктен төрт адамды құтқарған теміржолшы Еркебұлан Жүзбаевты Құрмет грамотасымен марапаттап, үлкен теледидар тарту етті.

Оқиға 2022 жылғы 26 тамызда күндізгі сағат төрт шамасында болған. Еркебұлан сол күні ауысымнан шығып үйіне қайтып келе жатқан. Павлодар–Шарбақты трассасында Маралды теміржол станциясына жақын жерде Audi 100 автомобилінің КАМАЗ тіркемесімен соқтығысып, жол-көлік оқиғасы салдарынан жанып жатқанын көреді. Ол бірден көліктегі адамдарды шығаруға ұмтылады. Жолаушыларды бірінен кейін бірін көліктен шығарып алып жатып, жүгіріп келген адамдардан жедел жәрдем шақыруды сұрайды. Еркебұлан соңғы адамды көліктен шығарып, қауіпсіз жерге жеткізген сәтте автомобильде жарылыс болады. Отқа оранған көліктегі жолаушылар Жаңаауыл ауылының тұрғындары



екен. Олардың өз өмірін қатерге тіге отырып, жанып жатқан автомобильден алып шығып, ажал аузынан аман алып қалған теміржолшы жігітке деген алғысы шексіз.

2019 жылдан бастап Павлодар жол дистанциясы қызмет көрсететін Красноармейка станциясының жол жөндеушісі болып еңбек ететін Еркебұлан Асланұлы жұбайымен екі бала тәрбиелеп отыр. Жұмыста адал, жауапкершілігі жоғары, еңбекқор азамат төрт адамды құтқарған әрекетін ерлік деп есептемейді, бұл әрбір адамның азаматтық парызы деп санайды.

Ислам ТАЛҒАТ

Безопасность СЕРЬЕЗНАЯ УГРОЗА

Четыре экстренных торможения применили машинисты грузовых поездов в Павлодарском регионе за одну ночь. В общем под колесами транспорта погибли девять лошадей. Хозяев домашних животных правоохранительные органы привлекли к административной ответственности.

Первый наезд на лошадь произошел в 00.30 на перегоне Жолқудук – БП-434, стоянка составила 22 минуты. Через шесть минут случился второй на территории того же перегона, погибли уже три животных. Грузовой поезд задержался на 41 минуту. Третий факт зарегистрирован на перегоне ГРЭС-1 – ГРЭС-2, четвертый на перегоне Ерейментау – Коржункул в 05.30 утра. В общем под колесами погибли девять лошадей. Незапланированная стоянка поездов составила 1 час 20 минут. Как сообщили в линейном отделе полиции на станции Павлодар, в отношении владельцев домашнего скота составлены административные протоколы по статье 559 часть 1 КРКоАП «Нарушение правил выпаса скота в полосе отвода железных



дорог». Им грозит предупреждение или штраф в размере 5 МРП.

По информации линейного отдела полиции на станции Павлодар, с начала года из-за нахождения КРС на путях машинами было применено 51 экстренное торможение. Правоохранительные органы установили 41 хозяина, остальные десять владельцев домашних животных не найдены.

Айдана ЕРТАЙ

команда Алматинской дистанции сигнализации и связи, выигравшая по пенальти у «Тальго» со счетом 4:3. Финал получился настолько увлекательным, что до последней минуты сохранялся интрига, и спортсмены играли на одном дыхании. В итоге сборная Алматинского филиала АО «Транстелеком» выиграла по пенальти со счетом 3:1 у работников Алматинского эксплуатационного локомотивного депо.

– В спорте наблюдаются трудовая порука, укрепление корпоративного духа, волевые качества, которые, безусловно, помогают железнодорожникам в работе, – говорит заместитель председателя Алматинского филиала «Казпрофтранса» Аскар Караманов.

Призерам были вручены кубки, грамоты и ценные призы.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

ПРОДУКТИВНЫЙ ОТДЫХ УДАЛСЯ!



Сотрудники АО «Қазтеміртранс» в очередной раз доказали, что умеют не только эффективно работать, но и дружно, сплоченно отдыхать, заниматься активными видами спорта. Так, в столичном центральном парке работники АО «ҚТТ» и их семьи приняли участие в спортивном тимбилдинге, посвященном празднованию 25-летия АО «НК «ҚТЖ», – Challenge Games.

В сложных, но веселых заданиях железнодорожники, бросая вызов себе, учились достигать новых вершин успеха. Так как программа челленджа предполагала проведение корпоративного мероприятия в ярком и энергичном формате, в стороне никто не остался – от души веселились и стар и млад. В первом туре всем особенно понравились такие игры, как «Кольцеброс», где необходимо было попасть в цель и набрать наибольшее количество очков для своей команды. А также всем запомнилась веселая эстафета с гигантскими ракетками. Трудности этого упражнения-игры – в синхронизации действий команды, с чем участники справились без особых проблем.

После того как в первом этапе сотрудники АО «Қазтеміртранс» хорoshенько размялись физически, зарядившись энергией

и отличным настроением, решили к выполнению заданий следующих этапов.

Второй этап челленджа сохранил интеллектуальные задания, с которыми железнодорожники также легко справились, проявив всю смекалку и находчивость.

– Мы очень рады, что так позитивно, энергично все вместе с коллективом и членами наших семей провели этот день. Такие мероприятия очень сближают, укрепляют корпоративный дух, дают раскрыться новым сторонам человека. Это потом великолепно сказывается на работе, дает положительный результат в трудовых буднях. Ведь не зря говорят: тот умеет хорошо работать, тот и отдыхает отлично! – говорят хором сотрудники АО «Қазтеміртранс».

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото автора



Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол»,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.